



«Евразийский национальный
университет имени Л.Н.Гумилева»

Экономический факультет

Кафедра учет и анализа

ФГАОУ ВО «Российский
университет дружбы народов»

Экономический факультет

Кафедра бухгалтерского учета,
аудита и статистики

**«Международные стандарты учета и аудита: ключевые
изменения и нюансы перехода в условиях цифровой
экономики»**

**Сборник статей Международной научно-практической
конференции 17 февраля 2023 г.**

Астана



УДК 657(47+57)

ББК 65.053

П78

Рекомендовано к печати Ученым советом
Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева

Рецензент – доктор экономических наук, профессор *Алиев М.К.*

Научные редакторы:

PhD, доцент ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Жолаева М.А.
заместитель заведующая кафедрой бухгалтерского учета, аудита и статистики РУДН,
кандидат экономических наук Сорокина Л.Н.

П78 «Международные стандарты учета и аудита: ключевые изменения и нюансы перехода в условиях цифровой экономики»: сборник статей Международной научно-практической конференции. Астана, 17 февраля 2023 г. – Астана: ЕНУ им Л.Н.Гумилева, 2023. – 522с.

ISBN 978 601 337 121 4

Сборник статей научно-исследовательских работ студентов, магистрантов, докторантов, профессорско-преподавательского состава по итогам Международной научно-практической конференции 17 февраля 2023 г.

Предназначен для широкого круга читателей.

Электронная версия материалов сборника размещается на сайте www.enu.kz

Сборник научных статей участников конференции подготовлен по материалам, представленным в электронном виде. Ответственность за содержание материалов несут авторы статей.

© Коллектив авторов, 2023
© ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, 2023
© РУДН, 2023

ISBN 978 601 337 121 4



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдарды сертификаттау қағидаларын бекіту туралы» Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 22-НҚ нормативтік қаулысы [Электрондық ресурс].

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012720>

2. «Қазақстан Республикасының Жоғарғы аудиторлық палатасы» сайты [Электрондық ресурс].
<https://www.gov.kz/memleket/entities/esep?lang=kk>

3. «Google Диск» қосымшасы арқылы құрастырылған анонимді сауалнама [Электрондық ресурс].
https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdRwL1NWQ47budGKnQp1yunKwQNVOW8FVNxo2_YpTsEWVh8IA/viewform?usp=sharing

Цифрлық экономика жағдайында мемлекеттік аудит әдістерін жетілдіру

Тасмағанбетов Бақғали Болатұлы
«Экономика» бағытының 2 курс студенті
«Мемлекеттік аудит» мамандығы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақстан Республикасы

Жахметова Айнура Каиржановна

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
«Мемлекеттік аудит» кафедрасының аға оқытушысы

Қазіргі сәтте әрбір мемлекет әлемдік нарықтағы бәсекелестікке икемді болу үшін, цифрландыру процесі кезінде заманауи технологияларды енгізу маңызды алғышарт болып табылады. Сол себепті зерттеліп отырған тақырып аясында цифрландыру процесі кезінде мемлекеттік аудит әдістерін жетілдірудің маңызы жоғары. Мақаланың басты мақсаты мемлекеттік аудит әдістерін жетілдіру жолдарын айқындау. Мақалада цифрлық экономика терминіне бірнеше анықтамалар берілген, еліміздегі мемлекеттік аудит әдістерінің жай-күйі айқындалған, сонымен қатар мемлекеттік аудиттің әлсіз тұстары анықталып, блокчейн технологиялары көмегімен жетілдіру жолдары көрсетілген.

Кілт сөздер: цифрлық экономика, цифрлық технологиялар, мемлекеттік аудит, мемлекеттік аудит әдістері, мемлекеттік бағдарлама, блокчейн технологиялары.

В настоящее время важной предпосылкой является внедрение современных технологий в процессе цифровизации, чтобы каждая страна была гибкой к конкуренции на мировом рынке. Поэтому в рамках изучаемой темы большое значение имеет совершенствование методов государственного аудита в процессе цифровизации. Основной целью статьи является определение путей совершенствования методов государственного аудита. В статье дано несколько определений термина цифровая экономика, определено состояние методов государственного аудита в стране, а также выявлены слабые места государственного аудита и показаны пути совершенствования с помощью блокчейн-технологий.

Ключевые слова: цифровая экономика, цифровые технологии, государственный аудит, методы государственного аудита, государственная программа, блокчейн-технологии.

Currently, an important prerequisite is the implementation of modern technologies in the process of digitalization, so that each country is flexible to compete in the global market. Therefore, the improvement of public audit methods in the process of digitalization is of great importance within the studied topic. The main purpose of the article is to identify ways to improve the methods of state audit. The article provides several definitions of the term digital economy, defines the state of state audit methods in the country, as well as identifies weaknesses of state audit and shows ways to improve with the help of blockchain technology.

Keywords: digital economy, digital technology, government audit, government audit methods, government program, blockchain technology.

Қазіргі сәтте әлемнің әрбір мемлекеттері бәсекелестік артықшылықтарын, оның ішінде халықаралық деңгейде қамтамасыз ету үшін экономиканың жаңа даму бағыты – «цифрлық экономикаға» көп көңіл бөлу қажет. Сонымен қатар әрбір саласының жұмыс істеу ерекшеліктеріне заманауи жаңа технологияларды енгізудің амал тәсілдері мен алгоритмін дайындау, осы айтылған дүниелерді жүзеге асыру үшін арнайы бағдарламаларды ұйымдастыру үлкен маңызға ие болып отыр.

Біздің зерттеп отырған «цифрлық экономика» терминіне бірнеше дефинициялар ұсынып өтсек. Оны төмендегі кестеден көре аламыз (кесте 1).

Кесте 1 Шетел тәжірибесі негізінде «Цифрлық экономика» терминіне дефинициялары

№	Дефиниция	Ақпарат көзі
1	2	3
1	Кең мағынада «цифрландыру» процесі әдетте цифрлық технологияларды енгізу және жетілдіру арқылы жүзеге асырылатын әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар ретінде айқындалады, бұл дегеніміз ақпараттар мен мәліметтерді қалыптастыру, өңдеу, айырбастау және жіберу технологиялары	Digital economy. IT strategy of the company development
2	Цифрлық экономика ғаламтор желісіндегі электрондық коммерция арқылы тауар мен қызмет түрлерін сатуға мүмкіндікке жол ашады және оны жеңілдетеді	ЭБДҰ 2013
3	Цифрлық технологияға бағытталған экономика	Еуропалық комиссия 2013
4	Таңсық ғаламтор мен мобильді желі секілді цифрлық технологияларды қолданысқа енгізуге бағытталу арқылы жүзеге асырылатын экономикалық-әлеуметтік жаһандық желі	Австралия департаменті 2013
5	Цифрлық технологияға бағытталған экономика ретінде түсіндіріледі, алайда біз оны Ғаламтор мен Дүниежүзілік Ғаламторға негізделген нарықтар арқылы кәсіп жүргізу деп есептейміз	Британдық компьютерлік қоғам 2014
6	Түйіндемелердің шексіз және үздіксіз өсіп келе жатқан саны бойынша өзара қатынасты бірнеше сатылардың/қабаттардың күрделі құрылымы	Еуропалық Парламент 2015
7	Цифрлық экономика тауар мен қызмет түрлеріне желі арқылы қол жеткізуге де, кәсіпке септігін тигізу үшін цифрлық технологияларды қолдануды да білдіреді	Қауымдар палатасы 2016
8	Адамдар, кәсіпкерлер, кәсіпорындар, аппараттар, ақпараттар және де үдерістер арасындағы сан мыңдаған күнделікті ғаламтор желісі арқылы орын алған байланыстардың нәтижесін көрсететін экономикалық белсенділік. Цифрлық экономиканың негізі гиперконнективтілік болып табылады, бұл Ғаламтор, мобильді технология, одан өзге адамдардың, ұйымдар мен машиналардың дамып келе жатқан байланысын көрсетеді.	Deloitte «What is Digital Economy?»

Ескерту: [1-8] әдебиеттерінен алынып, автормен құрастырылған.

Жоғарыда көрсетілген шетел тәжірибесі негізіндегі анықтамаларға сүйене отырып, «цифрлық экономика» терминіне келесідей түсініктеме бере аламыз:

-цифрлық экономика – цифрлық технологияларды және осы технологияларға қатысты өнімдерді қалыптастыру, өңдеу, алмасу қызметі;

-цифрлық технологиялар – түрлі ақпарат көздерін желі арқылы қалыптастыру, сақтау, өңдеу, тарату және пайдалану.

Төртінші цифрлық немесе өнеркәсіптік революция жаңа технологияларды енгізу арқылы әлемдік экономиканы түбегейлі өзгертуде. Бұл үдеріс алдағы уақытта экономика саласы бойынша жаңа салалар түрі қалыптасып, жаңа мүмкіндіктер мен салалалды қалыптастыратыны сөзсіз. Біз қазіргі сәтте Ресей Федерациясының тәжірибесін талдап, қарастыруды жөн көрдік.

Бүгінгі күні Ресей Федерациясы өзінің цифрлық болашағына белсенді түрде аяқ басып келе жатыр. Цифрлық технологияларды енгізу кезінде Ресей Федерациясы ақпараттық қоғамды дамытудың 2017-2030 жылдарға арналған стратегиясын іске асыру шеңберінде әзірленген 2017 жылы «Цифрлық экономика» бағдарламасын қабылдаған болатын. Бағдарлама Ресейде білім қоғамын дамыту үшін жағдай жасауға, заманауи цифрлық технологияларды пайдалана отырып, цифрлық экономикада өндірілетін тауарлар мен қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру арқылы азаматтардың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын жақсартуға, ақпараттандыру деңгейін арттыруға бағытталған. және цифрлық сауаттылық, азаматтар үшін мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру, сондай-ақ ел ішінде де, шетелде де қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады.[9]

2014 жылы Ресей Федерациясының Федералдық қазынашылығының басшының орынбасары С.Е.Прокофьевтің «Ресей қазынашылығы негізінде инновациялық менеджменттің мемлекеттік сектордағы тәжірибесі» атты мақаласында «Электрондық бюджеттің» функционалдық құрылымын көрсете отырып, мемлекеттік автоматтандырылған бірыңғай жүйе қалыптастырудың өзектілігін айтып кеткен болатын. Қазірдің өзінде аталмыш жүйе Ресей Федерациясының мемлекеттік қызмет жүйесінде ұқсас қызмет атқаратын бірнеше мың адамды техникалық функциядан босату арқылы, мемлекет аппаратының көлемін айтарлықтай оңайлатуға және қаражат көзін үнемдеуге мүмкіндік беріп отыр.[10]

Сарапшылар ұсынған ақпарат бойынша Ресей 2017 жылы кибершабуыл кесірінен 600 млрд.руб сомасында шығынға ұшыраған болатын. Бұл Ресей экономикасы үшін қомақты сома болып табылады. Осындай жайттарды ескере отырып, алда күтілетін түрлі кибершабуылдардың алдын алу мақсатында, IT-қауіпсіздік саласына көп көңіл бөліп, жетілдіріп отыру керек.

Қоғам ғылым мен білімге бет бұрып, әлем өз экономикасының барлық салаларын заманауи цифрлық технологиялармен қамтамасыз етіп жатқан уақытта, Қазақстан Республикасы осы орайда қатарласып, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған «Цифрлық Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасын қабылдаған болатын.

Сондай-ақ цифрландыру аясында ақпараттық қоғамға көшуге бағытталған тағы бір бағдарлама атауы «Ақпараттық Қазақстан - 2020» жобасы қабылданды.

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау» туралы заң қабылданғалы бері республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын Есеп комитеті мен Қаржы министрінің ішкі мемлекеттік аудиті арқасында «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру үшін біраз істер жүзеге атқарылған[11].

Цифрландыру негізінде еліміз «электронды үкімет» жүйесіне Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің қаулысы аясында көшкен болатын [12].

Сонымен қатар 2020 жылы республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын Есеп комитетін бірнеше жүйелермен топтастыру жоспарға алынған болатын. Нәтижесінде аудитор қызметкерлерінің тексеру қызметін орташа алғанда 60 күннен 5-10 көлемінде қысқартуға мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет осы күнге дейін бірнеше даму үдерісінен өтіп, әлемдік стандарттарға сай жаңа сатыларға ауысып отырды. Жаңа бағыттар қалыптасып, жауапкершілік арта түсті. Бүгінгі күннің өзінде мемлекеттік аудит жүйесі цифрландыру процесі негізінде әлі даму үстінде. Ғылым мен білім әрдайым дам үдерісінде болған соң, цифрландыру жағдайында әлемдік бәсекелестікке икемді болу үшін ескі технологияларды жаңа технологиялармен алмастыру маңызды процес болып табылады. Технологиялардың ескіру салдарынан мемлекеттік аудит жүйесі бойынша бірнеше әлсіз тұстары байқалып жатады.

Қазіргі сәтке дейін бірнеше қателіктер ескеріліп, «Цифрлық экономика» жағдайында мемлекеттік аудит жүйесінің қазіргі зерттеулеріне талдау, тексеру мен ревизиялар жүргізу барысында ақпараттық технологиялардың болмауы, ревизия іс-шараларын жүргізу кезіндегі технологиялардың ескіруі, бюджеттік заңнаманың бұзылуын бағалау мен теріс тұстарын анықтаудың объективті критерийлерінің жоқ болуы, бюджет қаражатына қажеттілікті есепке алу икемділігінің және қаржыландырылатын жобалар мен бағдарламалар тәуекелінің болмауы сияқты әлсіз тұстары анықталған болатын [13].

Анықталған әлсіз тұстар мемлекеттік аудит жүйесін цифрландырудың басты бір себебі болды. Ревизиялық іс-шара жүргізу кезінде цифрландыру мүмкіндігі қолдағы ресурстардың шығындарын азайтуға (мәселен, тексеруге түсетін объектіге бармай-ақ ақпараттарды талдауға, қарауға), алынған қателік деңгейін төмендетуге және де тексеріс нәтижесінде анықталған теріс тұстардың объективтілік дәрежесін біршама арттыруға мүмкіндік береді.

Дәл қазіргі сәтте мемлекеттік аудит жүйесін цифрландыру әдіс-тәсілдерін қалыптастыру мен енгізу әр мемлекет саясатында актуалды мәселе болып табылады. Сол себептен цифрландыру мақсатында мемлекет тарапынан бірнеше жобалар мен бағдарламалар қабылданып, жүзеге асырылып жатады. Бүкіл әлемде үкіметтер блокчейн технологиясын пайдалану арқылы, пилоттық жобаларды жүргізуде. Бұр арада блокчейн технологиясының жобалары цифрлық сәйкестендіруді, электронды түрде дауыс беруді, түрлі деректерді қатаң түрде сақтауды қамтиды [14].

Әуелде блокчейн технологиясы криптовалюта сферасында алғаш қолданысқа түскен болатын. Кейінірек аталмыш технологияның перспективалары қаржылық деректермен жұмыс жасау үшін тиімді екендігі анықталды. Сертификатталған бухгалтерлер мен аудиторлардың пікірлері бойынша блокчейнді енгізу алдағы уақытта киберқауіпсіздікке, ақпарат көздерін қатаң түрде сақтауға, қаржылық жоспар жасау мен талдауға оң әсерін тигізеді.

Дәл осылай, блокчейн технологиясы қазіргі сәтте мемлекеттік аудит жүйесінде өзінің қолданысын таба алады. Мәліметтерді бірыңғай тізілімге енгізу олардың мәнділігін, өзгертпейтіндігін, салыстырмалылығын, автоматтандырылған талдау мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұдан бөлек бұл технологиялар мемлекеттік аудит дамыту кезінде, рутиндік операциялар санын қысқартуға әсер етеді.

Мемлекеттік аудит жүйесінің әдістерін жетілдіру үшін, цифрландыру жағдайында әлемдік тәжірибелерді ескере отырып, цифрлық технологияларды қолданысқа енгізу қажет.

Қазақстан үшін алдағы уақытта цифрлық экономика аясында мемлекеттік аудит әдістерін, жалпы саласын даму үшін «Цифрлық Қазақстан», «Ақпараттық Қазақстан 2020» сынды цифрландыруға бағытталған бағдарламаларды қабылдап, жүзеге асыру қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Borremans, I. Zaychenko, O. Iliashenko «Digital economy. IT strategy of the company development» [Электрондық ресурс] URL <https://www.semanticscholar.org/paper/Digital-economy.-IT-strategy-of-the-company-Borremans-Zaychenko/c97e23917aa7d0d4af32c0923a5bc5211b3c91b4>
2. Rumana Bukht, Richard Heeks «Defining, Conceptualising and Measuring the Digital Economy» [Электрондық ресурс] URL https://papers.ssrn.com/sol3/papers.cfm?abstract_id=3431732
3. European Commission «Expert Group on Taxation of the Digital Economy». [Электрондық ресурс] URL https://taxation-customs.ec.europa.eu/expert-group-taxation-digital-economy_en
4. Australian Government «The concept of the digital economy». [Электрондық ресурс] URL <https://www.alrc.gov.au/publication/copyright-and-the-digital-economy-dp-79/3-policy-context-of-the-inquiry/the-concept-of-the-digital-economy/>
5. British Computer Society «Digital Economy and IP» [Электрондық ресурс] URL <https://www.bcs.org/articles-opinion-and-research/digital-economy-and-ip/>
6. European Parliament «Challenges for Competition Policy in a Digitalised Economy» [Электрондық ресурс] URL [https://www.europarl.europa.eu/thinktank/en/document/IPOL_STU\(2015\)542235](https://www.europarl.europa.eu/thinktank/en/document/IPOL_STU(2015)542235)
7. House of Commons «Business, Innovation and Skills Committee» [Электрондық ресурс] URL <https://publications.parliament.uk/pa/cm201617/cmselect/cmbis/87/87.pdf>
8. Deloitte «What is Digital Economy?» [Электрондық ресурс] URL <https://www2.deloitte.com/mt/en/pages/technology/articles/mt-what-is-digital-economy.html>
9. Цифровое будущее России: что нам готовит программа «цифровая экономика». [Электрондық ресурс] URL <https://up-pro.ru/library/strategi/tendencii/cifrovoe-budushee/>
10. Опыт инновационного менеджмента в государственном секторе (на примере Казначейства России). [Электрондық ресурс] URL <https://elibrary.ru/item.asp?id=21817882>
11. "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>
12. "Электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілері туралы мәліметтерді есепке алу және "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерінің техникалық құжаттамасының электрондық көшірмелерін орналастыру қағидаларын бекіту туралы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900019104>
13. Государственный финансовый контроль в условиях цифровой экономики. [Электрондық ресурс] URL <https://kgmtu.ru/documents/nauka/2economix2020.pdf#page=504>
14. Блокчейн для сельского хозяйства и продовольствия: результаты пилотного исследования. [Электрондық ресурс] URL <https://library.wur.nl/WebQuery/wurpubs/530264>